ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 22 мамыр №4360-23-00-2/428 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Н.Б.Еламановтың,
сот отырысының хатшысы Н.Ә.Ержановтың қатысуымен,
мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№2 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«SHIELI AGRO BIZNES» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Е.Е.Есмаханбай
Талап қоюшының өкілі Н.Н.Сарманов
Жауапкердің өкілі М.Асанханұлы

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2022 жылғы 26 ақпанында талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №106 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 1.1, 2.1-тармақтарына және қосымшаларға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 1 941 173 теңгеге азық-түлік өнімдерін шарт күшіне енгеннен кейін тапсырыс бойынша 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін жеткізуге міндеттенген.

Шарт қазынашылық органында 2022 жылдың 28 ақпанында тіркеуден өтіп, заңды күшіне енген.

2022 жылдың 25 қарашасында Тапсырыс беруші қауын 330 кг, кияр 913,5 кг, бұрыш 314 кг, нектар 2 540 литр азық-түлік өнімдерін 2022 жылдың 10 желтоқсанына дейін жеткізуге тапсырысын жолдаған.

2022 жылдың 22 желтоқсанында шарт бір жақты бұзылған.

Құжатпен қол қойылды: Еламанов Н. Б., 29.05.2023

Заңды күшіне енген күні: 30.06.2023, судья Еламанов Н. Б., 03.07.2023

4360-23-3-6/14

Сканировано с CamScanner

Жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және 2 323 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Жауапкер сотқа жазбаша пікір ұсынбаған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі Н.Н.Сарманов талап қоюда көрсетілген уәждерін келтіріп, жауапкер келісім шартты осы уақытқа дейін ішінара орындамағандығын атап, соттан талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкердің өкілі М.Асанханұлы талап қоюмен келіспей, азық-түліктің қымбаттауына байланысты жеткізуге мүмкіншілік болмағандығын атап, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор Е.Е.Есмаханбай талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Шарттың 5.4-тармағына сәйкес, Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні депонім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

Сот отырысында анықталғандай, талап қоюшы жауапкерге тауарды жеткізу туралы сұраныс жіберген. Алайда жауапкер осы күнге дейін өз міндеттемесін орындамаған.

Құжатқа қол қойылған: Елманова Н.Б., 29.05.2023

Заңды күшіне енгізілді: 30.06.2023, сыныбы: Елманова Н.Б., 03.07.2023

4360-23-3-6/14

Сканировано с CamScanner

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2022 жылғы 27 желтоқсанда жүгінген.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

Шарттың 7.3-тармағында тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші өнім беруші міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алатыны қарастырылған.

Шарттың осы тармағына сәйкес, талап қоюшы кешіктірілген 16 күнге 2 323 теңге тұрақсыздық айыбының сомасын дұрыс есептеген.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1 602 теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығыстары өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№2 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «SHIELI AGRO BIZNES» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «SHIELI AGRO BIZNES» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі шарт бойынша міндеттемесін тиісінше орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «SHIELI AGRO BIZNES» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбы 2 323 (екі мың үш жүз жиырма үш) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 602 (бір мың алты жүз екі) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына,

Заңды күшіне енген күні: 30.06.2023, судья Еламанов Н.Б., 03.07.2023

Сканировано с CamScanner

АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Н.Б. Еламанов**

Көшірме дұрыс.
Судья **Н.Б. Еламанов**

Анықтама: Шешім заңды күшіне 30.06.2023 жылы енді.

Судья **Н.Б. Еламанов**

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 29.05.2023

4360-23-3-6/14

Сканировано с CamScanner